

КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАҚ» КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»

Колледж басшысы

Т.М.Қаламқали

«_____» 2022 ж.



ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Жалпы ережелер

- ✓ Жастар ісі жөніндегі Комитет - бұл Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің студенттерін біріктіретін, колледж Жарғысы және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде әрекет ететін өзін-өзі басқару органы;
- ✓ колледждің жастар ісі комитеті қызметінде заңдылық, жариялылық, ашықтық, өзін-өзі басқару және еріктілік принциптерін басшылыққа алады.
- ✓ өз мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жастар ісі комитеті колледждің барлық бөлімшелерімен және басқа да қоғамдық ұйымдармен өзара байланыс жасайды;
- ✓ жастар ісі комитетінің күнделікті жұмысын басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді.

1.2. Жастар ісі комитетінің міндеттері

- ✓ колледжде студенттердің тәртібін, оқу процесін, студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылау;
- ✓ колледждің оқу-тәрбие үдерісін (процесін) жетілдіру мақсатында сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студенттерге көмек беру, старостат отырыстарына қатысу, кеңес беру;
- ✓ тәрбиенің 8 бағыты бойынша өткізілетін іс-шараларға студенттердің қатысуын қадағалау;
- ✓ студенттердің бос уақыты мен демалысын ұйымдастыруға көмек көрсету;
- ✓ студенттердің салауатты өмір салтын ұстануын насихаттау барысында спорттық секцияларға, шығармашылығын дамытуда әр түрлі үйірмелерге, ғылыми жұмыстен айналысуына бағытта мақсатында пәндік үйірмелерге қатысуына ықпал ету;
- ✓ колледж студенттеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру;
- ✓ волонтерлік қозғалыстарға және қайырымдылық акцияларға қатыстыру.

1.3. Жастар ісі комитетінің құқығы

- ✓ колледж жастарының мәселелері бойынша жиналыстардың, кеңестердің жұмысына қатысу;
- ✓ білім алушыларды материалдық және моральдық көтермелеу немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы өтініш жасау;
- ✓ жастар ісі комитетінің құзыретіне жататын оқу-тәрбие және ұйымдастыру іс-шараларын өткізу мәселелері және басқа да мәселелер бойынша колледж әкімшілігімен және ата-аналар комитетімен өзара іс-қимыл жасау;
- ✓ колледждің әдістемелік кеңесіне, педагогикалық кеңесіне ұсыныстар енгізу;

- ✓ колледж дәстүрлерін қалыптастыру және сақтау, оның меншігіне ұқыпты қарауды студенттердің өзіне - өзі қызмет көрсету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәселелерді шешуге қатыстыру;
- ✓ сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студенттердің мәселесін старостат отырысында қарауға көмектесу, сабақтарын қайта тапсыруға әдістемелік кеңес отырысына ұсыныс беру;
- ✓ колледж жарғысы мен ішкі тәртіп ережесінің сақталуын, орындалуын қадағалау.

1.4. Жастар ісі комитетінің қызметін ұйымдастыру

Жастар ісі жөніндегі комитет – оқу орнының студенттік өзін - өзі басқарумен айналысатын қоғамдық студенттік ұйымы. Студенттік өзін-өзі басқару – колледждің әлеуметтік белсенді студенттік жастарының қоғамдық әрекет ету түрі.

Старостат - білім алушылардың оқу қызметін жүзеге асыру бойынша студенттік ұйым. Старостат барлық оқу топтарының старосталарын біріктіреді. Колледждің оқу-тәрбие үдерісін (процесін) жетілдіру мақсатында сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студенттерге көмек береді. Студенттерге өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға жәрдемдеседі, сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студенттердің мәселесін старостат отырысында қарайды, сабақтарын қайта тапсыруға әдістемелік кеңес отырысына ұсыныс береді.

Жастар саясаты секторы – қалалық, облыстық қоғамдық жастар ұйымдарымен сыртқы байланыстарды қамтамасыз етеді, ҚР Президентінің Жыл сайынғы Жолдауын, нормативтік-құқықтық актілерді, концепцияларды талқылау және түсіндіру бойынша дәрістік топтардың жұмыстарын ұйымдастырады.

Оқу - ғылым секторы - студенттер арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға қатысады, колледждің барлық үйірмелерімен тығыз байланыс жасайды, облыстық және қалалық ғылыми конференцияларға, слеттерге, конкурстарға студенттердің қатысуына мүмкіндік жасайды. Колледждің оқу-тәрбие үдерісін (процесін) жетілдіру мақсатында сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студенттерге көмек беруде тізімін дайындайды, старостат отырысына ұсынады.

Мәдени - бұқаралық сектор - колледжде бос уақытта іс - шаралар ұйымдастырумен айналысады, сонымен қатар халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық шығармашылық конкурстарға қатысуға түсінік жұмыстарын жүргізеді, көрмелер мен музейлерге экскурсия ұйымдастыру, театр мен киноға бару, қала шеңберінде әртүрлі бұқаралық іс - шараларға (КТК, конкурстар) қатысу жұмысын өткізеді.

Тәртіптік сектор - оқу тәртібін, колледж ережесін бұзған студенттермен (сабақтарды дәлелсіз себеппен жүйелі түрде босату және кеш қалып келу), ішкі тәртіп ережелерін, студенттер Кодексін мәселелерін қарастыруға қатысады.